

## Кеден ісіндегі микрологиялық концепциялар және жүйелер

**Жүйе** – бір бірімен қатынаста және байланыста болатын, белгілі бір бірлікті, тұтастықты білдіретін элементтердің көпшілігі.

Объект жүйе болып есептелу үшін **4 қасиетке** ие болуы керек:

1. тұтастық және бөлшекетік
2. байланстар
3. ұйымдастыру
4. интегративтік қасиеттер (мысалы, ручка, автокөлік, студенттер тобы, кітап).


Материалдық ағындардың қозғалысы маман персоналмен әртүрлі техниканың көмегімен іске асырылады. Логистикалық процеске әртүрлі ғимараттар мен құрылғылар қатыстырылған, процестің жүрісі маңызды дәрежеде оған қозғалып жатқан және мерзім сайын қорларда жинақталатын жүктердің дайындығына байланысты болады. Жүктердің қозғалысын қамтитын өндіргіш күштердің жиынтығы әрдайым ұйымдастырылған болады. Дәл айтқанда, егер материалдық ағымдар бар болса, онда әрдайым белгілі бір материал өткізуші жүйе бар болады. Бұл жүйелер жобаланбайды, олар жеке элементтердің іс-әрекетінің нәтижесі ретінде пайда болады.


Логистика үйлесімді, келістірілген материал өткізуші жүйелерді құру міндетін қояды.


Логистикалық жүйелердің келесі қасиеттері бар:

1. жүйе бір бірімен өзара әрекеттесетін элементтердің тұтас жинағы болып табылады. Логистикалық жүйелердің элементтерге декомпозициясын әртүрлі іске асыруға болады. Макродеңгейде логистикалық жүйе келесі схема түрінде көрсетілуі мүмкін:

### Макрологистикалық жүйе



 - логистикалық жүйе элементі

 - элементтер арасындағы байланстар

Микродеңгейде логистикалық жүйе келесі негізгі кіші жүйелер түрінде көрсетілуі мүмкін:

**Сатып алу** – материалдық ағымның логистикалық жүйеге түсуін қамтамасыз ететін кіші жүйе.

**өндірісті жоспарлау және басқару** – бұл кіші жүйе «сатыпалу» кіші жүйесінен материалдық ағымды қабылдайды және еңбек затын еңбек өніміне айналдыратын технологиялық операциялардың орындалуын басқарады.

**өткізу** – материалдық ағымның логистикалық жүйеден шығуын қамтамасыз ететін кіші жүйе.

#### Микрологистикалық жүйе



Көрініп тұрғандай, элементтер әртүрлі сапалы, бірақ үйлесімді.

2. логистикалық жүйе элементтері арасында маңызды байланстар бар. Макрологистикалық жүйеде оның негізі – келісім-шарт, микрологистикалық жүйеде ішкі өндірістік қатынастар.

3. логистикалық жүйенің элементтерінің арасындағы байланыстар реттелген, яғни оның ұйымдастырылуы бар.

4. логистикалық жүйенің интегративтік қасиеттері бар, бірақ олар элементтердің ешқайсысына жеке түрде тән емес. Бұл қажетті тауарды қажетті уақытта, қажеттіжерге, қажетті сапасымен, минималды шығандамен жеткізу қабілеті.

Логистикалық жүйенің интегративтік қасиеттері оған материалды сатып алуға, оларды өз өндірістік қуаттары арқылы өткізуге және сыртқы ортаға шығаруға мүмкіндік береді.

**Логистикалық жүйе** – бұл осы немесе басқа логистикалық функцияларды орындайтын кері байланысы бар адаптивтік жүйе. Ол, әдетте, бірнеше кіші жүйелерден тұрады және сыртқы ортамен оның дамыған байланыстары бар. Логистикалық жүйе ретінде өнеркәсіптік кәсіпорынды, территориялық-өндірістік кешенді, сауда кәсіпорындарын қарастыруға болады. Логистикалық жүйенің **мақсаты** – берілген шығындар деңгейінде өндірістік немесе жеке тұтынуға максималды мүмкін деңгейде дайындалған тауарлар мен бұйымдарды берілген орынға қажетті сан мен ассортиментіне жеткізу.

Логистикалық жүйе шеңберлері өндіріс құралдарының айналымының циклымен анықталады.(сур.)

логистикалық жүйенің шеңберлері



-материалдық ағым

- қаржы ағымы

5-сұрақ.жоғарыда айтылғандай, логистикалық жүйелер екіге бөлінеді: макро-және микрологистикалық .

**Макрологистикалық жүйе** – бұл әртүрлі аймақ немесе елдерде орналасқан өнеркәсіп кәсіпорындары мен ұйымдарын, делдалдық, сауда және транспорт ұйымдарын қамтитын материалдық ағымдарды басқарудың ірі жүйесі. Макрологистикалық жүйе аймақ, ел елдер тобының экономикасының инфрақұрылымын білдіреді.ел аралық бағдарламаларда макрологистикалық жүйелерді қалыптастыру бірыңғай экономикалық кеңістік, ішкі шекаралары жоқ (тауарды, капиталды, ақпаратты, еңбек ресурстарынтасымалдауға кедендік кедергілері жоқ) бірыңғай нарық құруды талап етеді.

**Микрологистикалық жүйелер** макрологистикалық жүйелердің кіші жүйесі, құрылымдық құрама бөліктері болып табылады. Оларға әртүрлі өндіріс және сауда кәсіпорындары, территориялық-өндірістік кешендер жатады.

Микрологистикалық жүйелер құрамына бірыңғай инфрақұрылыммен біріктірілген технологиялық байланысқан өндірістер кіретін ішкі өндірістік логистикалық жүйелер тобын білдіреді.

Макрологистика шеңберінде жеке микрологистикалық жүйелер арасындағы байланыстар тауарлық-ақшалай қатынастар негізінде бекітіледі: микрологистикалық жүйе ішінде де кіші жүйелер әрекет етеді. Бірақ олардың өзара әрекеттесуінің негізі тауарлық емес. Бұл бір экономикалық нәтижеге жұмыс істейтін фирма, бірлестік немесе басқа шаруашылық жүйе ішіндегі жеке бөлімшелер.

Макрологистика деңгейінде логистикалық жүйелердің үш түрін бөледі:

**А) тікелей байланыстары бар логистикалық жүйелер.** Бұл логистикалық жүйелерде материалдық ағым өнім өндірушіден оның тұтынушысына делдалдарсыз тікелей өтеді.

**Б) эшелондалған логистикалық жүйелер.** Мұндай жүйелерде материалдық ағым жолында ең болмағанда бір делдал болады.

**В) икемді логистикалық жүйелер.** Мұнда өнім өндірушіден оның тұтынушысына материалдық ағым қозғалысы тікелей де, делдал арқылы да іске асырылуы мүмкін.

